

Аудан әкімдігінің күші жойылған қаулыларын тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 149 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, шығарылған нормативтік – құқықтық актілерді тәртіпке келтіру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қаратөбе ауданы әкімдігінің төмендегі қаулыларының күші жойылды деп танылсын :

1. 2009 жылғы 9 қаңтардағы №38 "Үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7-9-74 тіркелген, 2009 жылғы 20 ақпандағы №8 " Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) Қаратөбе ауданы әкімдігінің қаулысы;

2. 2009 жылғы 4 қыркүйектегі №155 "Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы " Үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" №38 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7-9-86 тіркелген, 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №38-39 "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) Қаратөбе ауданы әкімдігінің қаулысы;

3. 2010 жылғы 14 мамырдағы №76 "2010 жылдың сәуір – маусымында және қазан – желтоқсанда кезекті шақыру жасындағы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7-9 -96 тіркелген, 2010 жылғы 11 маусымдағы №23 "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) Қаратөбе ауданы әкімдігінің қаулысы;

4. 2013 жылғы 29 наурыздағы №75 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3266 тіркелген, 2013 жылы 03 мамырдағы № 18 "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) Қаратөбе ауданы әкімдігінің қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК